

## БӨЛІМ: ЖАҢАЛЫҚТАР

## Қазақстан мен Өзбекстан жаңа одақ құруға дайындалуда

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.11.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/127245/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Желіде Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы одақтық қатынастар туралы шарт жобасы жарияланды. Оны қоғамдық талқылау 2022 жылдың 12 желтоқсанына дейін жалғасады. Премьер-Министр Әлихан Смаилов қол қойған түсіндірме хатта келісімнің басты мақсаты...

Желіде Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы одақтық қатынастар туралы шарт жобасы жарияланды. Оны қоғамдық талқылау 2022 жылдың 12 желтоқсанына дейін жалғасады.

Премьер-Министр Әлихан Смаилов қол қойған түсіндірме хатта келісімнің басты мақсаты ынтымақтастықты одақтастық қатынастар деңгейіне жеткізу екені атап өтілген. Атап айтқанда, құжатта жоғары деңгейдегі кездесулер тетігін жетілдіру қарастырылған.

Келісім жобасы әскери, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы, азаматтық қорғаныс, энергетика, – деп атап көрсетті Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшысы. Айта кету керек, құжатта қорғаныс мәселелеріне үлкен мән берілген. Оның шарттарына сәйкес, тараптар бір-біріне күш қолданбауға немесе күш қолданамын деп қорқытпауға міндеттенеді.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.